

"Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі Макинск қаласының Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі" КММ директор жанындағы кеңесінің № 4 отырысының
ХАТТАМАСЫ

13 қазан 2023 жылы

Қатысқандар: мектеп - лицей ұжымы

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Кітапхана жұмысы, кітап қорының толықтырылуы, оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі.
2. Қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстарының барысы, класс бөлмелерінің дайындығы.
3. Үйден оқыту мен инклюзивті білім беру жайы.
4. Мектеп оқушыларының ұйірме, секциялармен қамтылуы, оның ұйымдастырылып өткізілуі барысы.
5. Білім алушылардың Халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстарының ұйымдастыру жайы, сабақ барысында функционалдық сауаттылықты арттыруға бағыттылған тапсырмалардың енгізілуі.
6. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы. Атқарылған жұмыстар туралы есеп.
7. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.

1. Бірінші сұрақ бойынша кітапханашы Ембергенова Р.С. сөз сөйледі:
«Мектеп кітапханасының кітап қоры
Кітап қоры – 14276
Оқулықтар – 11769
Көркем, салалы әдебиет – 2622
Электронды оқулық – 193
Әдістеме құралдар – 227
Оқулықпен қамтылуы – 100%
Оқырмандар саны – 620
Кітапханаға келу саны – 6820
Кітап берілімі – 6650
Негізгі мақсаты:

Оқушыларды кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру. Әдебиеттерді оқуға үйрету арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, тілін байытып, білімге деген ізденістерін қалыптастыру. Балалардың кітап оқуға деген ынтасын көтеру, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Кітапханада анықтамалық-

| | | | | |
|---|--------|---|------|-----------|
| библиографиялық | қызмет | көрсету. | | |
| Қыркүйек айында барлық сыныптарға оқулық таратылып берілді. | | | | |
| Жалпы мектеп тарапынан 100% оқулықпен қамтылды. | | Ата-ана қамқорынсыз қалған, жетім, көпбалалы, әл-ауқаты төмен балалар оқулықпен | 100% | қамтылды. |

Кітапхана қоры ББК жіктеуімен орналасқан. Кітапханада 630 оқырман кітап алып оқиды. Кітапханада тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылған. Әр жаңа оқу жылының басында оқырмандарды қайта тіркеу жүргізіледі. Тіркеу номері оқырманның формулярына түсіріледі. Алған кітабының бірінші бетіндегі жапсыру парағына оқырман номері жазылып, кітапты қайтару күні белгіленеді. Оқырмандардың алған кітаптары сала бойынша бөлініп, күнделікке түсіріледі. Айдың соңында кітапханаға келген оқырман саны есептеледі. Оқырмандарға үнемі қызмет көрсетіледі. Кітап таңдау жағдайында кеңес беріледі. Оқырман күнделігі, әр сыныптан оқырмандар кітапханаға келіп күнделікті оқыған кітабының мазмұнын дәптер бетіне түсіріп жазады. Оқырман күнделігі бұрышы ұйымдастырылған. «Әдістемелік-ұстаздардың сенімді серігі» тақырыбында ұстаздарға арналған әдістемеліктер, ғылыми-танымдық көмекші құралдарды, демонстрациялық материалдарды күнделікті сабақтарына қолданып отырады.»

2. Екінші сұрақ бойынша мектеп-лицейі директоры А.Е.Куанышев сөз сөйледі. «Қысқы жылыту маусымына мектептердің дайындығы жақсы. Мектептің жылу қазандықтары қысқа толық дайын. Қазір көмір тасылып жатыр. көмірдің жеткілікті. Сынып бөлімдері де дайын. Кабинет жетекшілері кабинеттерді тексеріп сұрақтар болса алдын ала ескертіңіздер».

3. Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру барысы- қазіргі таңда жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен арнайы сыныптар, арнайы білім беру орындары, арнайы мектепке дейінгі білім беру орындарының оқу әрекетіне енгізіліп отыр. Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың 50% психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар және аутизм, жүйке жүйесі бұзылған, ақыл ой белсенділігі төмен балалар құрайды. Психикалық даму тежелісі (ПДТ) дегеніміз ғылымда психика дамуының уақытша артта қалуы деп түсіндіріледі. Мұдай балалар мектепте және үй жағдайында ерекше қадағалауды қажет етеді. Бұл балалармен жұмыс істеу арнайы біліммен қатар бұл балалармен жұмыс істеудің нақты жолдарын білуді, оларды танып білумен қатар, оларға арнайы түзеу жұмыстарын ұйымдастырып, мұғалімге

және ата-анаға бағыт-бағдар бере білу керек. Инклюзивті оқитын бала саны 8, үйде оқитын бала - 2. Уақытынды ПМПК өткізіледі.

4. Келесі сұрақ бойынша бойынша директордың ТІО Теңсел Харахат сөз сөйледі. «Мектебімізде 7 секция іске асырулы, 17 үйірме бар. Секция және үйімелер бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Баскетбол үйірмесін жүргізетін мұғалім мен өзім Қуаш Бекболат.

Оқу бағдарламасына сай жылы бойы 102 сағаттық жоспар құрылған.

Аптасына 3сағат .Кесте бойынша сейсенбі,бейсенбі күндері сағат 18-00-19-30 дейін. Баскетбол үйірмесіне 20 ұл бала, 12 қыз бала қатысады.

7-11 сынып оқушылары.

Үйірме –бұл сыныптан тыс жұмыстың ең белсенді әрі тиімді формаларының бірі,мұндағы тарау тақырыптар кеңейіп тереңдей оқытылады.

Баскетбол үйірмесінің мақсаты,оқушылардың денсаулығын нығайту,дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру;

Міндеттері: Өмірлік маңызды қозғалыс дағдыларын,танымдық қозғалыс белсенділігін арттыруға себепкер болатын дене жаттығыларының негізгі түрлерін оқушылардың меңгеруіне көмектесу;

Ойынның тактикаларын,ойын позицияларын үйрету,игерту,сондай мектептің құрама командасын жасақтау; ауданның «Жастар» оқушылар арасындағы спорттық сайыстарда жүлделі орындар алуына бағыттау,дайындау.

5. Осы сұрақ бойынша директордың ОТІО Г.Е. Оспанова сөз сөйледі: «*Функционалдық сауаттылығы* дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына , жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік

-шығармашылық тұрғыда ойлау

-шешім қабылдай алу

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалды сауатты адам — қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді.»

6. Келесі сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Рахам А. Сөз сөйледі: «2023-2024 оқу жылының басында әлеуметтік Жағдайы төмен, көп балалы, жартылай жетім, қамқорлықтағы оқушыларға жалпыға бірдей «Міндетті

білім қорынан» 108 оқушыға әр балаға 40 000 (қырық мың) теңге көлемінде қаржы бөлінді.

Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола облысы филиалының Буланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович биылғы Жаңа оқу жылында Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейіне келіп, мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып оқушыларына кеңсе тауарларымен көмек керсетті.

| № | Оқушылардың аты-жөні: | Демеуші: |
|---|-----------------------|---|
| 1 | Жанали Дарын | Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола облысы филиалының Буланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович |
| 2 | Раман Сымбат | Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола облысы филиалының Буланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович |
| 3 | Хуанган Аяла | Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола облысы филиалының Буланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович |

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мектебімізде

300 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 1-4 сынып 250 оқушы 5-11 сынып 50 оқушы. Олардың күнделікті тамақ ішуі қадағаланып тұрады»

8. Соңғы сұрақ бойынша Т.К.Нурмуқанова сөз сөйледі «Сабаққа үлгермеудің себебі көп. Үлгермеушілік сабақ барысында қалыптасады. Оның алдын алуға болады. Оқушы үлгермеушілігінің себептері оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырмауда, санитарлық –гигиеналық нормалардың бұзылуында. Үлгермеушіліктің негізгі себептері мыналар:

- жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды толық түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісі дәрежеде талап етпеуі;

- үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмау;
- мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы;
- тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың тәртібінің төмендігі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақытылы және тиісті шара қолданбауы;
- бағалаудағы біржақтылық;
- оқыту мен тәрбие үрдісіндегі сабақтастықтың болмауы;
- сабақ босату, оқушының ауырып қалуы, т.б.

Үлгерімін жақсарту бағытындағы жұмыстарға мыналар жатады:


1. Отбасында бала тәрбиесіндегі жағдайдың жақсы жолға өзгеруі.
2. Ата-ананың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын жоғарылату.
3. Оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналарды белсенді түрде араластыру.
4. Баланың дұрыс күн тәртібін ұйымдастыруын бақылау.
5. Баланың жағымды және жағымсыз қасиеттерін тәрбиелеуде ата-анаға жеке кеңес және көмек беру.
6. Сыныптағы оқу тәрбие жұмыстарын жоғары сатыға көтеру.
7. Сыныпта ізгілендіру қарым-қатынасын алға қоя отырып, шағын топтарда қолайлы жағдай жасау.
8. Балаға жеке тұлға болып қалыптасуына көмектесу.
9. Балаға психологиялық зерттеу жасау және қажетті психологиялық көмек көрсету.
10. Жеке жұмыс барысында интеллектуалдық, адамгершілік, еркіндік, көңіл күй сезімдерін қалыптастыру.
11. Оқудағы жағымсыз ынталарының туу себептерін анықтау.
12. Оқушының қызығуын, бейімділігін негізге ала отырып дамыту.

Оқушыны үлгеріміне ықпал етуші қоршаған орта дегенді кең мағынада қолдануға болады. Оған табиғат, жан-жағындағы жолдастары барлығымен орнатылған тығыз қарым-қатынас жақсы нәтиже береді. Сол сияқты денсаулықтың да сабақ үлгеріміне әсері зор.

ШЕШІМІ:

1. Қысқы жылыту маусымына дайындық жұмыстарың ұйымдастыру.
2. Үйден оқыту мен инклюзивті білім беруді қадағалау.
3. Мектеп оқушыларының ұйірме, секцияларға қатысқаның қадағалау.
4. Білім алушылардың Халықаралық зерттеулерге дайындық жұмыстарың ұйымдастыру, сабақ барысында функционалдық сауаттылықты арттыруға бағыттылған тапсырмалардың еңгізу.
5. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс атқару.

Мектеп басшысы:

 А.Е.Куанышев

Кітапхана жұмысының есебі

Мектеп кітапханасының кітап қоры

Кітап қоры – 14276

Оқулықтар – 11769

Көркем, салалы әдебиет –2622

Электронды оқулық – 193

Әдістеме құралдар - 227

Оқулықпен қамтылуы – 100%

Оқырмандар саны – 620

Кітапханаға келу саны – 6820

Кітап берілімі – 6650

Негізгі мақсаты:

Оқушыларды кітап оқуға тарту, қызығушылығын арттыру. Әдебиеттерді оқуға үйрету арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырып, тілін байытып, білімге деген ізденістерін қалыптастыру. Балалардың кітап оқуға деген ынтасын көтеру, кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Кітапханада анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсету.

Қыркүйек айында барлық сыныптарға оқулық таратылып берілді.

Жалпы мектеп тарапынан 100% оқулықпен қамтылды. Ата-ана қамқорынсыз қалған, жетім, көпбалалы, әл-ауқаты төмен балалар оқулықпен 100% қамтылды.

Кітапхана қоры ББК жіктеуімен орналасқан. Кітапханада 630 оқырман кітап алып оқиды. Кітапханада тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылған.

Әр жаңа оқу жылының басында оқырмандарды қайта тіркеу жүргізіледі.

Тіркеу номері оқырманның формулярына түсіріледі. Алған кітабының бірінші бетіндегі жапсыру парағына оқырман номері жазылып, кітапты қайтару күні белгіленеді. Оқырмандардың алған кітаптары сала бойынша бөлініп, күнделікке түсіріледі. Айдың соңында кітапханаға келген оқырман саны есептеледі. Оқырмандарға үнемі қызмет көрсетіледі. Кітап таңдау жағдайында кеңес беріледі. Оқырман күнделігі, әр сыныптан оқырмандар кітапханаға келіп күнделікті оқыған кітабының мазмұнын дәптер бетіне түсіріп жазады. Оқырман күнделігі бұрышы ұйымдастырылған.

«Әдістемелік-ұстаздардың сенімді серігі» тақырыбында ұстаздарға арналған әдістемеліктер, ғылыми-танымдық көмекші құралдарды, демонстрациялық материалдарды күнделікті сабақтарына қолданып отырады.

Кітапханашы:



Р.С.Ембергенова

Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі

«Мектепке жол» Акциясы

Мектепте қыркүйек айының 1 жұлдызында бекітілген бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды. 2023 жылы қыркүйек айынан бастап әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары бойынша, жұмыстар жүргізілді. Қыркүйек айына қойылған жұмыстар бойынша мектептің әлеуметтік паспортын құру. Әлеуметтік статустағы оқушылардың тізімін жаңарту.

| № | Мәлімет | 2023-2024 |
|---|---|-----------|
| 1 | Барлық оқушылар саны | 573 |
| 2 | Көп балалы отбасынан шыққан балалар | 241 |
| 3 | Толық емес отбасынан шыққан оқушылар | 60 |
| 4 | Сәтсіз отбасынан шыққан оқушылар | 3 |
| 5 | Әлеуметтік жағдайы төмен отбасының оқушылар | 100 |
| 6 | Үйде оқитын оқушылар | 2 |
| 7 | Мүгедек балалар | 5 |
| 8 | Қамқорлыққа алынған оқушылар | 2 |
| 9 | Ерекше білімді қажет ететін оқушылар | 9 |

2023 оқу жылының басында әлеуметтік Жағдайы төмен, көп балалы, жартылай жетім, қамқорлықтағы оқушыларға жалпыға бірдей «Міндетті білім қорынан» 108 оқушыға әр балаға 40 000 (қырық мың) теңге көлемінде қаржы бөлінді.

Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола облысы филиалының Бұланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович биылғы Жаңа оқу жылында Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейіне келіп, мектеп табалдырығын аттағалы отырған 1 сынып оқушыларына кеңсе тауарларымен көмек керсетті.

| № | Оқушылардың аты-жөні: | Демеуші: |
|---|-----------------------|---|
| 1 | Жанали Дарын | Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола облысы филиалының Бұланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович |
| 2 | Раман Сымбат | Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола |

| | | |
|---|--------------|--|
| | | облысы филиалының Буланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович |
| 3 | Хуанган Аяла | Халық банкі акционерлік қоғамының Ақмола облысы филиалының Буланды аудандық басқармасының басшысы Каппасов Нуржан Тулегенович |

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мектебімізде

1-жартыжылдықта – 300 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 1-4 сынып 250 оқушы 5-11 сынып 50 оқушы. Олардың күнделікті тамақ ішуі қадағаланып тұрады.

Әлеуметтік педагог:

Рахам А.С.

Инклюзивті білім берудің маңызы мен ерекшеліктері

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін Мемлекет тарапынан көптеген шаралар енгізіліп жатыр. Соның бірі-инклюзивті білім беру.

Инклюзив-сөзі латын тілінен аударғанда-”өзімді қосқанда” ал, ағылшын тілінен аударғанда” араластырамын” деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті оқыту- барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті оқыту- адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, әлеуметтік жағдайы мен физиологиялық жағдайына қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады.

Инклюзивті білім беру барысы- қазіргі таңда жалпы білім беретін сыныптардағы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар мен арнайы сыныптар, арнайы білім беру орындары, арнайы мектепке дейінгі білім беру орындарының оқу әрекетіне енгізіліп отыр.

Жалпы орта білім беретін мектептерде үлгерімі төмен оқушылардың 50% психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалар және аутизм, жүйке жүйесі бұзылған, ақыл ой белсенділігі төмен балалар құрайды. Психикалық даму тежелісі (ПДТ) дегеніміз ғылымда психика дамуының уақытша артта қалуы деп түсіндіріледі.

Мұндай балалар мектепте және үй жағдайында ерекше қадағалауды қажет етеді. Бұл балалармен жұмыс істеу арнайы біліммен қатар бұл балалармен жұмыс істеудің нақты жолдарын білуді, оларды танып білумен қатар, оларға арнайы түзеу жұмыстарын ұйымдастырып, мұғалімге және ата-анаға бағыт-бағдар бере білу керек.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері- жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;

-барлық балаға бірдей қарым-қатынас;

Балалар арасында дискриминация болдырмау;

-арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау

Инклюзивті білім беру жүйесінің мақсаты:

- Балаларды психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдау
- Қоғамның көзқарасын өзгерту
- Өз қатарластарымен тіл табыса білуге үйрету
- Толық білім алуды ұйымдастыру
- Қоршаған ортаға бейімдеу
- Дені сау балалармен тең дәрежеде ұстау
- Өз өзіне сенімін арттыру
- Кедергісіз аймақ

Алғашында арнайы мамандар жеткіліксіз болып, жаңа білімнің қыр-сырын ұғыну, түсіну қиын болғанымен, қазіргі таңда арнайы мамандар-логопед, дефектолог, олигофренопедагог, әлеуметтік педагог, психолог мамандар қайта даярлаудан өтіп, сонымен бірге пән мұғалімдері қайта даярлау курстарынан өтіп инклюзивтік білім беру бойынша жұмыстанып келеді. Қазіргі таңда әр маман өз жұмысының қыр-сырын біледі, жұмыстана алады деп үлкен сеніммен айта аламын.

Түзете - дамыта оқытудың мақсаты:

Балаларды оқып, жазып, санап үйрету

оқу іс-әрекетінің негізгі біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу және жүріс-тұрыс мәдениетін дамыту, жеке гигиена мен салауатты өмір негіздерін үйрету;

- тиімді әдіс-тәсілдерде қолдана отырып, оқушылардың психологиялық сауығыуына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әртүрлі қиыншылықтарды түзеу;
- балалардың танымы мен белсенділігін, зияткерлік қабілеттерін, өз бетімен білім алу дағдыларына жағдай жасау;
- ата-аналармен, мұғалімдермен, әлеуметтік жұмыскерлермен байланыс жасау;
- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың қазіргі экономикалық жағдайында өз орнын таба алуына жағдай жасау.

Түзете –дамыта оқытудың міндеттері:

Оқушының психикалық, тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау,

- жеке тұлға қалыптастыру, оқу дағдысы мен біліктілігін дамыту;
- педагогикалық тұрғыдан қараусыз қалған балаларға коррекциялық түзету сабақтарын, танымдық өрісінің дамуына бағытталған жеке сабақтар жүргізу;

ПМПК-мамандарымен, дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог мамандармен бірлесе отырып жұмыстану арқылы түзеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыру;

жеке, топтық сабақтар нысанында түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу;

отбасы жағдайында даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға (немесе оларды аустыратын тұлғаларға) ақыл-кеңестер беру, оқыту;

оқушының психикалық дамуында кездесетін сәтсіздіктердің алдын алу, диагностика бойынша алдын-ала болжау;

сөйлеу, интеллект, көру, есту және есте сақтау қабілеті, тірек қозғалыстары аппараты, эмоциялық еріктік саласы бұзылған, оқуда немесе қарым-қатынас жасауда, мінез-құлқында қиыншылықтары бар балалар мен жасөспірімдерді психологиялық-педагогикалық түзеу және оңалту түрінде кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

- Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақ қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында”-деп бекерге айтылмаған сынайлы. Олай болса қазірге таңда білім саласындағы әр ұстаздың мойнына артылған жүк ауыр. Ұстаз бір ғана шәкірттің білімі мен тәлім-тәрбиесіне ғана жауапты болып қана қоймай, елдің ертеңін, болашағын өз мойнына алардай жауапкершілік танытуы тиіс.
- Жас та берілген тәрбие, жас қайыңды игендей”, - дейді, олай болса құрметті әріптестер”теңізге” тамшыдай тамып, жәрдеміміз тиіп жатса, біз ешнәрседен аянбай қиын да, қызыққа толы ұстаздық жолда ерінбей еңбек етіп, еңбегіміздің жемісін көре білуіміз керек.

Директордың ОТЖО:



А.А.Ибраева



БЕКІТЕМІН:
«Балуан Шолақ
атындағы
мектеп-лицей» КММ
басшысы
Куанышев А.Е.

Секция кестесі

| № | Күні | Уақыты | Секция кестесі | Жетекші |
|---|------------------------------|-------------|----------------|-----------------|
| 1 | Сәрсенбі | 18:00-20:00 | Шахмат | Бугай Бейбитхан |
| 2 | Сейсенбі Сәрсенбі Жұма | 19:00-20:00 | Волейбол | Бугай Бейбитхан |
| 3 | Сейсенбі Сәрсенбі Жұма | 19:00-20:00 | Үстел теннисі | Бейбитхан Ербол |
| 4 | Сәрсенбі | 15:00-16:00 | Тоғызқұмалақ | Қуаш Бекболат |
| 5 | Дүйсенбі Бейсенбі | 18:00-20:00 | Баскетбол | Қуаш Бекболат |
| 6 | Сейсенбі | 15:00-16:00 | Асық ату | Қуаш Бекболат |
| 7 | Жұма | 17:00-18:00 | Футбол | Искаков К.К. |

Үйірме кестесі

| № | Күні | Уақыты | Секция кестесі | Жетекші |
|---|--|--|----------------|--------------------|
| 1 | Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма | 12:00-13:15 (орта топ) 14:20-16:10 (жоғары топ) 12:20-13:05 (кіші топ) 12:00-13:15 (орта топ) 12:20-13:05 (кіші топ) 14:20-16:10 (жоғары топ) 12:00-13:15 (орта топ) 14:20-16:35 (жоғары топ) | Би | Шишина И.Ю. |
| 2 | Дүйсенбі Жұма | 13:30-14:15 | Домбыра | Айтуған Аманкелді. |



БЕКІТЕМІН:
«Балуан Шолақ
атындағы
мектеп-лицей» КММ
басшысы
Куанышев А.Е

Үйірме және секция

2023-2024 оқу жылы

| № | Үйірме, секция атауы | Сынып | Жетекші |
|----|---|------------|-----------------------|
| 1 | Домбыра | 7-8 сынып | Айтуған А. |
| 2 | Бейнелеу өнері | 6 сынып | Анкей К. |
| 3 | Сызу | 5-9 сынып | Анкей К. Рымбай Е. |
| 4 | Дебат | 9 сынып | Теңсел Н. |
| 5 | Эрудит | 8 сынып | Тилей М. |
| 6 | Робототехника | 5-6 сынып | Бегзан Б. |
| 7 | Дизайн және пішім көлемдері | 6 сынып | Устажанова Л.А. |
| 8 | Жобалау (графика) | 8-9 сынып | Анкей К. |
| 9 | Ұлттық бұйымдардағы геометриялық денелер | 5-8 сынып | Анкей К. Рымбай Е. |
| 10 | Шахмат | 2-5 сынып | Бұғай Б. |
| 11 | Асық ату | 2-5 сынып | Куаш Б. |
| 12 | Тоғызқумалақ | 2-9 сынып | Куаш Б. |
| 13 | Баскетбол | 7-11 сынып | Куаш Б. |
| 14 | Волейбол | 7-11 сынып | Бұғай Б. |
| 15 | Теннис | 5-7 сынып | Бейбитхан Е. |
| 16 | Футбол | 3-7 сынып | Искаков К.К. |
| 17 | Хореография | 1-9 сынып | Шишина И.Ю. |

Баскетбол үйірмесінің (секция) I-жарты жылдық есебі.

2023-2024 оқу жылы.

Баскетбол үйірмесін жүргізетін мұғалім мен өзім Қуаш Бекболат. Оқу бағдарламасына сай жылы бойы 102 сағаттық жоспар құрылған. Аптасына 3сағат .Кесте бойынша сейсенбі,бейсенбі күндері сағат 18-00-19-30 дейін. Баскетбол үйірмесіне 20 ұл бала, 12 қыз бала қатысады.

7-11 сынып оқушылары.

Үйірме –бұл сыныптан тыс жұмыстың ең белсенді әрі тиімді формаларының бірі,мұндағы тарау тақырыптар кеңейіп тереңдей оқытылады.

Баскетбол үйірмесінің мақсаты,оқушылардың денсаулығын нығайту,дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру;

Міндеттері:Өмірлік маңызды қозғалыс дағдыларын,танымдық қозғалыс белсенділігін арттыруға себепкер болатын дене жаттығыларының негізгі түрлерін оқушылардың меңгеруіне көмектесу;

Ойынның тактикаларын,ойын позицияларын үйрету,игерту,сондай мектептің құрама командасын жасақтау; ауданның «Жастар» оқушылар арасындағы спорттық сайыстарда жүлделі орындар алуына бағыттау,дайындау.

Біздің баскетбол командамыз қалалық турнирлерде алдыңғы орындардан көрінді.

Атап айтсақ «Жастар-2024» аудандық оқушылар арасындағы баскетбол жарысында, 9-11 сынып ,II- орын алдық. 09.02.24ж

Балуан Шолақ атындағы мектеп-лицейі КММ командасы аудандық білім бөлімінің мадақтамасымен марапатталды.Алдымызда қыздар арасында баскетбол жарысы болады. Оғанда қатысамыз.

ДШ сабақтарының әрбір үшінші сабағы спорттық ойындарға берілген.Әр сыныпқа белгіленген спорттық ойын түрлері үйретіледі,жаттықтырамыз.

| № | Сынып | Спорттық ойын атауы | Қатысатын оқушы саны: (түгел сынып) |
|---|---------|---------------------|--------------------------------------|
| 1 | 5А | Дойбы | 10 |
| 2 | 8А | Футбол | 21 |
| 3 | 8Б | Волейбол | 18 |
| 4 | 8В | Асық | 19 |
| 5 | 9А | Волейбол | 14 |
| 6 | 9Б | Волейбол | 21 |
| | Барлығы | | 103 |

Есепті жазған: дене шынықтыру мұғалімі:



Қуаш.Б

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Жоспар

1. Үлгермеушіліктің негізгі себептері
2. Үлгермеушілікті болдырмаудың әдістері мен түрлері
3. Оқушының оқу үлгеріміне әсер етуші жағдайлар
4. Оқушылармен жұмысты ұйымдастырудың технологиялық картасы

Еліміздің білім беру саласында соңғы жылдары ірі реформалар мен өзгерістер орын алып отыр. Білім сапасына қойылатын талап күшейіп, оқытудың жаңа технологияларына бет бұрған кезде, оқушының оқу үлгерімін жақсарту, оның оқуға қызығушылығын арттыру мәселесі туындайды.

Көптеген ғалымдар өз еңбектерінде сабақ үлгермеушілік себептерін талдауға көп орын бөліп келеді. Арнайы педагогикалық қазіргі күндегі жетекші парадигмаларының бірі – гуманизация. Ал ХХ ғасырда еңбек еткен Ы.Алтынсарин шығармаларында педагогикалық, гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке мейірімді болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақты принциптерінің көрініс тапқанын байқауға болады. Ғалымның атақты Хрестоматиясында жасөспірімдердің жан дүниесін, ақыл-ойын қалыптастыруға ұдайы көңіл бөлу мектеп пен ата-ананың ортақ міндеті деп есептеген.

Дегенмен жан-жақты тұрғыдан алып қарағанда сабақ үлгермеушілік проблемасы әлі жеткілікті зерттелген жоқ. Бұл проблеманы зерттеу мұның себебі мен нашар оқитын оқушылардың жекелеген типтерін анықтауға мүмкіндік береді. Үлгерімі нашар оқушыларды зерттеу барысында үлгермеушіліктің мынадай үш категориясын қарастыруға болады:

1-категорияға оқушының барлық пәннен бірдей ұзақ уақыт үлгермей оқудан жалпы және кенжелеп қалып қоюын жатқызамыз.

2-категорияға сабақты ішінара негізгі пәндерден үлгермейтін оқушылар жатады.

3-категориядағы оқушылар сабаққа анда-санда ғана үлгермейді.

Бұл мәселені психологиялық жағынан қарастырсақ, сабақ үлгерімі төмен оқушыларды мынадай 5 топқа бөлуге болады:

1. Оқуға деген көзқарасы дұрыс емес балалар.
2. Материалды қиналып ұғатындар.
3. Сабаққа дайындалу әдеті қалыптаспаған оқушылар.
4. Еңбектеніп білмейтіндер.
5. Білуге және оқуға құштарлығы жоқ оқушылар.

Сабаққа үлгермеудің себебі көп. Үлгермеушілік сабақ барысында қалыптасады. Оның алдын алуға болады. Оқушы үлгермеушілігінің себептері оқу-тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастырмауда, санитарлық – гигиеналық нормалардың бұзылуында. Үлгермеушіліктің негізгі себептері мыналар:

- жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды толық түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісі дәрежеде талап етпеуі;
- үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмау;
- мектепте үлгермеушіліктің алдын алу жөнінде жүйелі жұмыстың болмауы;
- тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың тәртібінің төмендігі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі, мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақытылы және тиісті шара қолданбауы;
- бағалаудағы біржақтылық;
- оқыту мен тәрбие үрдісіндегі сабақтастықтың болмауы;
- сабақ босату, оқушының ауырып қалуы, т.б.

Отбасы жағдайында психологтың ойынша оқушының үлгермеу себептері мыналар:

- ата-ана мәдениетілігінің аздығы, педагогпен байланыстың жоқтығы;
- отбасындағы сәтсіздік;

- балаға талап қою бірлігінің жоқтығы;
- отбасында бала тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмауы;
- Балағадұрыс қарым-қатынас жасамау;
- білім алуға баланың дайындығының жоқтығы;
- баланың жалпы дамуының жетілмеуінен, аурушандығынан.

Үлгерімін жақсарту бағытындағы жұмыстарға мыналар жатады:

1. Отбасында бала тәрбиесіндегі жағдайдың жақсы жолға өзгеруі.
2. Ата-ананың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын жоғарылату.
3. Оқу-тәрбие үрдісіне ата-аналарды белсенді түрде араластыру.
4. Баланың дұрыс күн тәртібін ұйымдастыруын бақылау.
5. Баланың жағымды және жағымсыз қасиеттерін тәрбиелеуде ата-анаға жеке кеңес және көмек беру.
6. Сыныптағы оқу тәрбие жұмыстарын жоғары сатыға көтеру.
7. Сыныпта ізгілендіру қарым-қатынасын алға қоя отырып, шағын топтарда қолайлы жағдай жасау.
8. Балаға жеке тұлға болып қалыптасуына көмектесу.
9. Балаға психологиялық зерттеу жасау және қажетті психологиялық көмек көрсету.
10. Жеке жұмыс барысында интеллектуалдық, адамгершілік, еркіндік, көңіл күй сезімдерін қалыптастыру.
11. Оқудағы жағымсыз ынталарының туу себептерін анықтау.
12. Оқушының қызығуын, бейімділігін негізге ала отырып дамыту.

Мұндай жұмыс түрлері оқушыға үлгерімін жақсартуға көмектеседі. Оқушыны жақсы, орта, төмен деп бөлмей, оларды тұлға ретінде қалыптастыруға психологпен, әлеуметтанушымен, медбикемен жұмыс ұйымдастыру керек.

Әлеуметтік педагогтың ойынша, үлгерімі жақсы оқушының әлеумет жағдайын тексере отырып, үлгерімі төмендеп кетпеуі үшін мынадай жұмыс түрлерін жүргізу керек: 1) жеке әңгімелесу; 2) ата-анамен сұхбаттасу; 3) мадақтау арқылы баланың ынтасын арттыру.

Үлгерімі және әлеуметтік жағдайы төмен оқушылармен жұмыс барысында психолог, әлеуметтанушы, сынып жетекшісі мына мәселелерге көңіл бөлгені жөн. Яғни, баланың жеке басын мадақтау арқылы ортада өзін еркін сезінетіндей нәтижеге жеткізу керек.

Ата-ананың ойынша, мұғалім мамандығы өте қиын. Сондықтан баланың біліміне, тәрбиесіне басты жауапкершілік ата-ананың мойнында екенін сезінуі керек. Ең бастысы, баласының үлгерімін жақсарту үшін ата-ана мектептен тығыз байланыс жасауы тиіс.

Сынып жетекшісі ойы да ата-аналар пікіріне сәйкес келеді. Өйткені, оқушылардың үлгерімін жақсарту үшін пән мұғалімдерімен, ата-анамен тығыз байланыс қажет. Әр оқушының оқу үлгерімін жақсарту үшін үнемі бақылау керек.

Мектеп психологтарының бұл істегі атқаратын міндеті қандай? Енді соған қысқаша тоқталсақ, ең алдымен, психологтар мұғалім мен сынып жетекшісінің жұмысымен танысуы керек (үлгермеу себептерін айқындау, біліміндегі олқылықтар сипаты) Оқушылардың үлгермеушілігінің себептерін зерттеу мақсатындағы мектепте педагогикалық дөңгелек үстелдер, семинар, тренингтер өткізілуі тиіс. Олардың тақырыптары: «Нашар үлгеретін және үлгермейтін оқушыларға білім беру үрдісін белсендіру», «Үлгермеушілікті болдырмау және алдын алу жөніндегі ұстаздар қауымының іс-әрекеті», т.т. бұл шараларда оқушыны зерттеудің жалпы бағдарламасы қарастырылып, пікірлер тыңдалып, үлгермеушілік себептерінің айқындалуы және жеке оқушыны оқыту мен тәрбиелеуді жетілдіру шаралары қарастырылуы қажет. Бұл жұмыстар оқушы үлгермеушілігінің себептерін білуге, алдын алуға бағыт береді, көмектеседі.

Мұғалімнің үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі жұмыс жүйесін зерттеу мақсаттары: нашар үлгеретін және үлгермейтін оқушылардың білім, білік, дағдыларының жағдайын және сыныптарындағы үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі әкімшіліктің іс-әрекетін талдау.

- кадрларға мінездеме беру, аты-жөні, білімі, педагогикалық өтілі, кәсіби біліктілігін көтеруі;
 - нашар үлгеретін оқушылардың білім, білік дағдыларының жағдайы;
 - нашар үлгеретін оқушылардың саны және олардың білім олқылықтарының есебін жүргізу.
- Үлгермеушілікті болдырмаудың әдістері мен түрлері:

- бірінші жарты жылдық барысындағы мұғалімнің қойған бағаларын және олардың нормаларға сәйкестігін талдау (бақылау жұмыстарын, оқушылардың дәптерлерін, журналдағы, күнделіктердегі бағаларды талдау);
- мұғалімнің сабақ барысында үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі жұмысының түрлері (сыныптағы және үй жұмыстарының саралық сипаты, қателерінің алдын алу);
- қателермен жұмыс жүйесі және оқушылардың жадынамаларымен саналы түрде жұмыс істей білу;
- оқушылардың үлгермеушілігін болдырмау жөніндегі әкімшіліктің іс-әрекеті.

Нашар, жақсы үлгеретін оқушыларды бақылау түрлері.

Сабақтағы бақылау бағдарламасы. Оқушылардың үлгермеушілігін болдырмауға бағытталған шаралар жүйесі. Сынып оқушыларына төмендегідей сұрақтар қойылады:

- сыныпта достық қарым-қатынастар жағдайы жасала ма?
- тақта алдында жауап беру кезінде оқушыларға көмекші құралдар қолдануға рұқсат етіле ме?
- тақырыптың негізгі бөлімдеріне ерекше мән беріле ме?
- оқушылардың үнемі қайталанатын қателеріне назар аударыла ма?
- оқушылардың жауабын көтермелеу тәсілі қолданыла ма?
- жетістікке жетуге жағдай жасала ма?

Жаңа тақырыпты түсіндіру кезінде:

- Нашар үлгеретіндерге жаңа тақырыпты баяндау жылдамдығы қиындық туғызбай ма?
- Жаңа тақырыптың негізгі мәселелері ерекше айтылып көрсетіле ме?
- Мұғалім нашар үлгеретін оқушылардың жаңа тақырыпты түсіну деңгейін анықтап ескере ме?
- Тақырыпқа қызығу туғызатын техникалық, т.б. құралдар қолдана ма?
- Нашар үлгеретін оқушылар әңгімеге тартыла ма?

Жаттығу кезінде:

- Өз бетімен жұмысқа арналған жаттығулар дұрыс таңдалды ма?
- Нашар үлгеретіндерге өз бетімен жұмыс кезінде көмек көрсетіле ме?
- Оқушылардың қабілеті ескеріле ме?
- Өз бетімен жұмыс кезінде оқушылар өзін тексеруге дағдыланған ба?

Үй тапсырмасын түсіндіру кезінде:

- үй тапсырмасының көлемі сол сыныпқа сай ма?
- Үй тапсырмасына қатемен жұмыс енгізілген бе?
- Мұғалім үй тапсырмасын нақты, жете түсіндіре ме, кездесер қиындықтар жөнінде ескерте ме?
- Нашар үлгеретін оқушылар үшін жеке тапсырмалар қарастырылған ба?

Білім берудің қай сатысында болмасын оның негізгі көрсеткіші – сапасы. Осыны ескере отырып, жинақталған іс-тәжірибелер мен әдіскер, ғалым-ұстаздардың зерттеулерін негізге ала отырып оқушылардың оқу үлгеріміне, біліктілігіне әсер ететін негізгі жағдайларды қарастыра отырып, төмендегі сызбаны құрастырдық.

Оқушының оқу үлгеріміне әсер етуші жағдайлар



Әрбір жеке тұлғаның қалыптасуына әсер етуші күш – қоғам, мемлекет екені айқын. Білім сапасына қоршаған ортаның, ата-ананың және ұстаздар қызметінің, тіпті оқушының психологиялық көңіл-күйі мен ынта-жігері, талабы да әсер ететіні сөзсіз. Бұл сызбаны тұтастай ағза деп алатын болсақ, ағзаның қалыпты жұмыс жасуы үшін әрбір бөліктің атқарар қызметі орасан зор. Үлгерімге әсер ететін жағдайлардың бірі – оқушының ынта-жігері мен табандылығының, талпынысының бірлігі, оның мінезіне, мүдделері мен құштарлығына көп көңіл аудару мұғалімнен талап етіледі.

Оқушыны үлгеріміне ықпал етуші қоршаған орта дегенді кең мағынада қолдануға болады. Оған табиғат, жан-жағындағы жолдастары барлығымен орнатылған тығыз қарым-қатынас жақсы нәтиже береді. Сол сияқты денсаулықтың да сабақ үлгеріміне әсері зор.

Оқушылардың үлгерімін жақсарту бағытындағы жүргізілетін жұмыс түрлері

| Үлгерімін жақсартуды қажет ететін оқушы кім? | Жүргізілетін жұмыс түрлері |
|--|---|
| Әлеуметтік жағдайы төмен | Ата-ана баланың жағдайын жасауға көмектесе алмайды. Өзі күнде ішкілікке салынып жүреді. ГДН есебіне алып ата-аналық құқықтан айыру. Ішкіліктен арылу жолдарынан көмек көрсету. Мектеп тарапынан көмекке келу. |
| Мұғалім мен ата-ана байланысының төмендігі | Мектепте ата-ананы қызықтыратын іс-шаралар ұйымдастыру. Ата-анамен жиі қарым-қатынаста болу жолдарын қарастыру. Айына бір-екі рет ата-ананың сабаққа қатысуына мүмкіндік жасау. Мұғалім өз талаптарын жете білу. Баланың төмендеу себептерін ата-анаға баласының іс-әрекет барысында ашып көрсете білу |
| Денсаулығының нашарлығы | Денсаулық – зор байлық. Ендеше денсаулығы дұрыс бала болмаса, баланың сабақты қабылдау деңгейіне кедергі келтіреді. Мектепке бала қабылданғанда әр мұғалім өз алдындағы баланың денсаулығын жетік білуі қажет. Мектеп дәрігерлерімен бірлесе отырып, балалардың денсаулық куәлігімен таныса отырып, ауру себептерін білу. Диагностикалық карта жасап, ауруды алдын ала пән мұғалімдеріне мектеп басшыларына ескерту. |
| Еріншектік пен жалқаулықтың қалыптасуы | Бұл кемшілік ата-ана мен мұғалім тарапынан кетуі мүмкін. Бұл көбінесе ата-ананың тарапынан жиі қадағалаудың болмауынан туындайды. Мұғалім тарапынан баланың психологиялық жағдайын жетік білмегендіктен, пәнге белсенділік пен қызығуын жоғалтады. Сондықтан кемшілікті алдын алып тез жою үшін оқушы бойында ерінбей еңбек етуге, кітап оқуға, оқығаннан жазбаша түрде жазып беруге, өлең, мақал-мәтелдерді жатқа айтуға, жұмбақтарды шешуге бала кезден қалыптастыру керек. Жалқаулықты бала бойында болдырмау үшін үнемі жаса, ән істеріне баға беріп, еңбекпен келген нанның тәтті болатынын сездіру керек. |
| Ата-ана қадағалауының төмендігі | Ата-ана қадағалауының төмендігі оқушының оқу сапасының төмендеуіне әсер етеді. Ата-ана мен мұғалім арасындағы жиі қарым-қатынас ата-ана қадағалауына мүмкіндік ашады. |
| Сабақты себепсіз босатуы | Ата-ана қадағалауының аздығы, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынастың төмендігі баланың жаман қылықтарға әуестенуіне жол ашады. Сол себепті мұғалім баланың сабақтан қалу себептерін айқындап ашып, ата-анасымен кездесіп, пікір алысуы және мектеп басшысына осы жайында хабарлама түсіріп отыруы керек. |
| Қоғамдық ортадағы кері | Оқушының мектептегі және үй ауласындағы достарын біліп |

| | |
|---------|--|
| әсерлер | отыру. Жас жағынан үлкендермен араласпауын қадағалау. Баланың басқа ортаның адамдарымен араласуын болдырмау. Бос уақытын көшеде не аулада өткізуіне жол бермеу, баланың мектептен тыс уақытында үйірмелерге, спорт түрлерінің секцияларын сынып балаларымен бірге баруын қалыптастыру. |
|---------|--|

Жұмыс түрлерін ұйымдастыруда оқушылардың үлгерімін жақсарту барысында үш түрлі бағытты атап көрсетуге болады. Осы үш бағыттың бірлігінде жұмыс үнемі орындалса, мұғалімдер қиыншылыққа ұрынбас еді. Олар: психо-педагогикалық, медико-биологиялық және әлеуметтік бағыттар.

Бұл бағыттар оқушының даму дәрежесіне, сабаққа қатысуына, оқу үрдісіне жеке оқушының өз қабілеті мен мүмкіншілігін пайдалану жолдарын ашуға көмек береді.